

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
ТҮЗЕУ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ОРТАЛЫҒЫ

ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ПУНКТ ҚЫЗМЕТІН
ҰЙЫМДАСТЫРУ

Әдістемелік ұсынымдар

Алматы 2017

УДК 376

ББК 74.3

Түзеу педагогикасының Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының Ғылыми-әдістемелік кеңесімен келісіліп, ұсынылды (2017 жылдың 25 қазанындағы №15 хаттама).

ҚР Білім және ғылым министрлігінің мектепке дейінгі және орта білім беру Департаментімен пайдалануға ұсынылды (2018 жылдың 30 қаңтарындағы №11-3/94 хаты)

Рецензенттер:

Оразаева Г.С.- п.ғ.к., ҚазМемҚызПУ арнайы және әлеуметтік педагогика кафедрасының меңгерушісі;

Пармузин А.М.- ТПҰҒПО ҚК ақпараттық-әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімінің меңгерушісі

Құрастырушылар:

Ерсарина А.К. – Республикалық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің меңгерушісі, психология ғылымдарының кандидаты, доцент

Логопедиялық пункт қызметін ұйымдастыру : әдістемелік ұсынымдар/құраст. А.К.Ерсарина. – Алматы: ТПҰҒПО ҚК, 2017. – 33б.

ISBN 978-601-7131

Әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі және мектепте білім беру ұйымдары жанындағы логопедиялық пунктер қызметтерінің әдістемелік қамтамасы және құжаттары, жұмыс тәртібі, ұйым қызметі бойынша нормативтік-нұсқаулық ережелерді қамтиды: сөйлеу қабілеті бұзылған оқушыларды дамытуға арналған арнайы түзету бағдарламалары бойынша логопедиялық жұмысты тақырыптық жоспарлау.

УДК 376

ББК 74.3

ISBN 978-601-7131

© ТПҰҒПО ҚК, 2017

© Ерсарина А.К., 2017

МАЗМҰНЫ

Түсіндірмелік жазба

1 Жалпы ережелер

2 Логопедиялық пункттегі жұмысты ұйымдастыру

3 Логопедиялық пункттің логопед-мұғалімнің қызметтік міндеттері

Қосымша 1 Сөйлеу кемістіктері бар балаларды есепке алу журналы

Қосымша 2 Сөйлеу картасы

Қосымша 3 Логопедиялық кабинеттің материалдық-техникалық жабдықтары

Қосымша 4 Логопедтің оқу жылына арналған жылдық жоспары

Қосымша 5 Жыл бойы мектепке дейінгі жастағы балаларға логопедиялық көмек көрсету туралы есеп

Қосымша 6 Сөйлеу бұзылыстарына ұшыраған балалармен жұмыс жасаудың болашақ жобалық (тақырыптық) жоспары

Түсіндірмелік жазба

Мектепке дейінгі және мектепте білім беру ұйымдары жанындағы логопедиялық пункттердің қызметін ұйымдастыру бойынша әзірленген әдістемелік ұсынымдардың өзектілігі мен қажеттілігі логопедиялық пункттердің жұмыс тәртібі мен қызметін реттеуші нормативтік-нұсқаулық және әдістемелік құжаттардың болмауымен негізделген. 2013 жылға дейін логопунктердің қызметі қазіргі кезде өз күшін жоғалтқан ҚР Білім және ғылым министрлігінің 3.09.2004 жылы №712 Бұйрығымен бекітілген (ҚР Білім және ғылым министрлігінің 4.07.2013 ж. ю№258 Бұйрығы) логопедиялық пункттерді ұйымдастыру тәртібі туралы Ережелермен анықталады.

Логопедиялық пункттердің қызметі ҚР Білім және ғылым министрлігінің 14.02.2017ж. №66 Бұйрығынан көрініс алады. Алайда логопункттер саны мен қызметі білім алуда ерекше қажеттіліктерге ие балаларға арналған арнайы және инклюзивті білім беру ұйымдары желілерін дамыту жөніндегі ҚР Білім және ғылым Министрлігінің, облыстық білім басқармаларының есептерінде беріледі.

Қазіргі кезде Қазақстанда білім алуда ерекше қажеттіліктерге ие балаларға түзеу-дамыту көмегін көрсететін 951 мектепке дейінгі және мектептегі логопедиялық пункттер жұмыс жасайды. Логопедиялық пункттер жұмысының тәртібі мен мазмұнын анықтайтын нормативтік-нұсқаулық және әдістемелік құжаттардың болмауы олардың қызметтерін айтарлықтай қиындатады, білім алуда ерекше қажеттіліктерге ие балаларға логопедиялық көмек көрсету жұмыстарының тиімділігі мен сапасын төмендетеді.

Әзірленген әдістемелік ұсынымдар Қазақстандағы мектепке дейінгі және мектептердегі логопунктердің нормативтік-нұсқаулық және әдістемелік камтамасын жақсартуға ықпал жасайды .

1 Жалпы ережелер

1 Аталмыш ұсынымдар логопедиялық пунктердің қызметін ұйымдастыру үшін әзірленген және сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға логопедиялық көмек көрсету тәртібін анықтайды.

2 Логопедиялық пунктер балалардың ауызша және жазбаша сөйлеу бұзылыстарын дер кезінде түзеу мақсатында жалпы білім беруші мектепке дейінгі және мектеп ұйымдарындағы «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік-педагогикалық және түзете қолдау туралы» ҚР Заңына сәйкес білім басқармасының жергілікті органдарымен ашылады.

3 Логопедиялық пунктер білім беру ұйымдарының құрылымдық бөлімшесі болып табылады, оның басшысы сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға дұрыс қызмет көрсетуді ұйымдастыруға бақылау жасауды жүзеге асырады. Логопедиялық пункт қызметіне әдістемелік басшылық жасауды білім басқармасы жүзеге асырады.

4 Мектепке дейінгі ұйымдарда логопедиялық пунктін ашылуы сөйлеу қабілеті бұзылған бала саны 20 кем болмайтын жағдайда жүзеге асады: қалалық жердегі мектеп ұйымдарында 14-16 сынып, ауылдық жерлерде 9-12 сынып. Мектепке дейінгі логопедиялық пунктке бір уақытта 20-25 бала тіркеледі. Қалалық мектептегі логопедиялық пунктке бір уақытта 20-30 бала, ауылдық жердегі логопункте 15-20 бала айналыса алады. Логопедиялық пунктердің негізгі міндеттері мыналар:

- а) Логопедиялық көмекке зәру балаларды дер кезінде анықтау;
- б) Балалардың ауызша және жазбаша сөйлеу бұзылыстарының алдын-алу және түзеу;
- в) Балаларды мектепке дайындау және балалардың білім беру бағдарламаларын игеру қиындықтарын алдын-алу;

- г) Сөйлеу кемістіктеріне ұшыраған балаларды оқыту және дамыту бойынша педагогтар мен ата-аналарға (олардың орындарындағы тұлғаларға) кеңестік көмек көрсету.

2 Логопедиялық пункттегі жұмысты ұйымдастыру

5 Логопедиялық пункт ауызша және жазбаша сөйлеу бұзылыстары бар балаларға көмек көрсетеді: жалпы сөйлеу бұзылыстары (ЖСБ), фонетикалық-фонематикалық бұзылыстар (ФФБ), сөйлеудің фонетикалық бұзылыстары (алалия, дислалия, дизартрия, ринопалия), соның ішінде кохлеарлық имплантты балалар, жазу (дисграфия) және оқу (дислексия) бұзылыстары, тұтығу.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы логопедиялық пунктке ең алдымен мектепке дейінгі жастағы жасы үлкен балалар мен дайындық тобының балалары қабылданады, сөйлеу кемістіктері олардың мектепте алатын білімді игеруіне кедергі жасайды (фонетикалық-фонематикалық және жалпы сөйлеу бұзылыстары бар балалар).

Мектептегі логопедиялық пунктке ең алдымен білім беру бағдарламаларын игеруге кедергі жасайтын сөйлеу қабілеті бұзылған 1-2 сынып оқушыларын қабылдайды (сөйлеудің жалпы және фонетикалық-фонематикалық бұзылысы, жазба қызметінің бұзылуы).

6 Логопедиялық пунктке қабылдау үшін сөйлеу бұзылыстары бар балаларды анықтау 1 мен 15 қыркүйектің аралығында және 15 және 30 мамыр аралығында жүргізіледі. Сөйлеу қабілеті бұзылған балаларды қабылдау орынның босауына байланысты жыл бойы жүргізіледі. Логопедиялық пункттен балаларды шығару ауызша сөйлеу және жазу қызметі дамуындағы бұзылыстың алдын-алғаннан кейін жүзеге асады.

7 Логопедиялық пунктке қабылдау мектепке дейінгі және мектепте оқитын оқушылар мен тәрбиеленушілердің сөйлеуін тексеру негізінде жүзеге асады. Сөйлеу бұзылыстары болу мүмкіндіктері бар балаларды анықтау

мақсатында білім беру ұйымдарындағы топтар мен сыныптардағы барлық балаларды алғашқы жедел тексеруден өткізу жүргізіледі. Ол үшін тексерудің ауызша және жазбаша әдістері қолданылады (сыныптағы (топтағы) балалардың сөйлеуіне бақылау жасау, әңгімелеу, диктант және т.б.). Сөйлеу бұзылыстары болу тәуекелі бар балаларды анықтауда логопедиялық кабинет жағдайында қайтадан күрделі логопедиялық тексеру жүргізіледі.

8 Сөйлеу бұзылыстарына ұшыраған балалар сөйлеу бұзылысына байланысты топтарға бөлу үшін журналдарға тіркеледі (қосымша 1). Логопедиялық пункке тіркелген әрбір балаға сөйлеу картасы толтырылады (қосымша 2).

9 Логопедиялық жұмысты ұйымдастырудың негізгі формасы топтық (шағын топтық) сабақтар болып табылады. Балалар жастық ерекшеліктері және ортақ сөйлеу бұзылыстары қағидасы бойынша топтарға біріктіріледі. Келесідегідей топтар жиынтықталады:

- а) Жалпы сөйлеу бұзылысы (ЖСБ)
- б) Сөйлеудің фонетикалық-фонематикалық бұзылысы
- в) ЖСБ негізделген оқу мен жазу бұзылысы
- г) ФФК негізделген оқу мен жазудың бұзылысы
- д) тұтығу
- е) дыбысты айту бұзылысы (ФК)

ЖСК және ФФК ие бір жастағы және ортақ жалпы сөйлеу кемістігі бар әртүрлі жастағы балаларды топтарға бөлуге жол беріледі (ЖСБ түзетудің бірінше деңгейінде).

10 Жекелей сабақтар ауыр сөйлеу бұзылыстары бар балалармен жүргізіледі: дизартрия және алалиямен көрінген ринолалия. Сөйлеу дағдыларын қалыптастыру шамасына байланысты балалар топқа қосылады. Топтардың толығы, жалпы сөйлеу кемістігі, фонетикалық-фонематикалық бұзылыстары, сөйлеу және жазба қызметтері бұзылған, дыбыстарды айту қиындығы бар балалар – 4-6 бала, тұтығуы бар балалар – 2-3 бала.

Логопедиялық сабақтардың кезеңділігі сөйлеу бұзылыстарының ауырлығымен анықталады. Жалпы сөйлеу бұзылыстары бар, жалпы сөйлеу бұзылыстарына негізделген сөйлеу және жазу қызметтері бұзылған, ринолалия мен дизартриясы бар балалармен аптасына 3 рет сабақ жүреді. Тұтықпасы бар балалар, дыбыстарды айту қиындығы бар, фонетикалық-фонематикалық сөйлеу бұзылысы және фонетикалық-фонематикалық бұзылыстарға негізделген жазу және оқу қызметтері бұзылған балалармен аптасына 2 рет сабақ жүргізіледі.

Топтық (шағын топтардағы) сабақтардың ұзақтығы балалардың жасы мен жекелей мүмкіндіктеріне байланысты жүреді және мектепке дейінгі логопунктерге арналған (ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 17.05.2015 ж. №217 бұйрығы) «Балаларды мектепке дейін оқыту мен тәрбиелеу нысандарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға» және «Білім беру нысандарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға» сәйкес белгіленеді және мектепке дейінгі тәрбиеленушілер үшін мыналарды құрайды: екінші кіші топтарда – 15-20 минут, ортаңғы топта – 20-25 минут, үлкен және дайындық таптарында – 25-30 минут. Жекелей сабақтардың ұзақтығы – 15-20 минут, мектеп жасындағы балаларға арналған топтық (шағын топтардың) сабақтардың ұзақтығы – 35-40 минут, жеке сабақтар – 20-30 минут.

11 Түзеу-дамыту оқудың ұзақтығы сөйлеу бұзылыстарының көрінісіне байланысты болады. Фонетикалық-фонематикалық бұзылыстары бар және фонетико-фонематикалық бұзылыстарға негізделген оқу мен жазба бұзылыстары бар балалар логопедиялық көмекті жарты жылдан 1 жылға дейін алады. Жалпы сөйлеу бұзылысына және фонетикалық-фонематикалық бұзылыстарға негізделген оқу мен жазба бұзылыстары бар балалармен логопедиялық пунктке 2 жыл жұмыс жасайды. Ауыр тұтығу, ринолалия, дизартрия және 1 деңгейдегі ЖСБ ұшыраған балаларды түзете оқытудың ұзақтығы 3-4 жыл.

Логопедиялық пункте бір жыл бойы сөйлеуді дамытуда және ауызша және жазбаша сөйлеудегі тұрақты бұзылыстарды (білім беру бағдарламаларын игеруге кедергі келтіретін) жеңуде оң қарқынның болмауы кезінде балалар, ауыр сөйлеу бұзылыстарына ұшыраған балаларға арналған бағдарлама бойынша оқыту мәселелерін шешу үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңеске жіберіледі.

12 Логопедиялық сабақтар білім беру ұйымының басшыларымен бекітілген және тәрбиеші сабақтарының есебі арқылы құрылған сабақ кестесі бойынша жүргізіледі.

Топтық (шағын топтардағы) және жекелей сабақтардың тақырыптары, сонымен қатар балалардың сабаққа қатысуы барлық топтарға арналған сабаққа қатысу журналында көрсетіледі. Әрбір топқа, сыныптың білім беру бағдарламасына, жалпы сөйлеу бұзылыстары бар мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту мен тәрбиелеудің типтік арнайы бағдарламасына сәйкес, мектепке дейінгі логопункт жұмысының болашақ (тақырыптық жоспарлау) жоспары құрылады.

13 Мектептегі логопедиялық пунктың сабақтары сабақтан тыс уақытта жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымдардағы сабақтар сабақтан тыс уақытта немесе «Сөйлеуді дамыту және сауаттылыққа баулу», «Көркем өнер», және «Құрастыру» сабақтары кезінде жүргізіледі.

14 Логопедиялық сабақтардың нәтижелері сөйлеу картасында белгіленеді және бұл мәліметтер педагог-тәрбиешіге, сынып жетекшісіне және ата-аналарға (заңды өкілдерге) жеткізіледі. Балалардың логопедиялық пункте болатын сабақтарға міндетті түрде қатысу жауапкершілігі және қажетті талаптарды орындауы логопед-мұғалімге, білім беру ұйымдарының логопедтері мен ата-аналарға (заңды өкілдері) жүктеледі.

15 Логопедиялық пункт үшін түзеу сабақтарын өткізуге қажетті жихаздармен, логопедиялық жабдықтармен, дидактикалық көмекші

құралдармен, оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етілген жеке кабинет бөлінеді (Қосымша 3).

16 Балалардың психофизикалық даму ерекшелігін анықтау үшін және оның қажеттілігі жағдайында, ата-аналарының рұқсатымен логопед балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңеске немесе медициналық ұйымдардың дәрігер-мамандарына (невропатолог, психиатр, отоларинолог) жібереді.

17 Ауданда, қалада, облыста бірнеше логопедиялық пункт болса білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институттарында немесе аудандық, облыстық әдістемелік кабинеттерде логопед-мұғалімдердің әдістемелік бірлестіктерін құруға болады.

18 Логопед-мұғалімдердің әдістемелік бірлестігін басқару аттестация қорытындысы бойынша білім басқармасының органымен тағайындалатын аға әдіскер мұғалімнің біріне жүктеледі.

3 Логопедиялық пунктінің логопед-мұғалімінің қызметтік міндеттері

19 Логопед-мұғалім ретінде дефектологиялық білімі бар адам тағайындалады. Логопед-мұғалімнің апталық жүктемесі ҚР «Білім туралы» Заңымен анықталады және арнайы білім беру ұйымындағы нормативтік апталық оқу жүктемесіне сәйкес келеді.

20 Логопед-мұғалім білуі тиіс:

а) жалпы білім беретін мектептер мен бала-бақшалардағы тәрбиеленушілер мен оқушылар арасынан сөйлеу бұзылыстарына ұшыраған балаларды дер кезінде анықтау;

б) балалардағы сөйлеу және жазба қызметтерін түзету бойынша сабақтар жүргізу, сөйлеу бұзылыстарына негізделген үлгерімнің нашарлауын алдын-алуға ықпал жасау;

в) сөйлеу бұзылыстарына байланысты баланың сабақ үлгерімі жөнінде педагогтар мен ата-аналарға (заңды өкілдері) кеңес беру және алдын-алу бойынша ұсынымдар беру;

г) жалпы білім беру үрдісіне қосылған және сөйлеу бұзылысына ұшыраған білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалардың әртүрлі категориясын анықтау және көмек беру бойынша мектепте психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің (психологиялық-педагогикалық консилиум), тәрбиешінің, мұғалімнің жүйелі байланысын жүзеге асыру;

д) білім беру қызметкерлері, ата-аналар (заңды өкілдер) арасында логопедиялық білімді насихаттауды жүзеге асыру, сөйлеу бұзылыстары бар мектеп оқушыларының оқу үлгерімінің нашарлауын алдын-алу бойынша логопедиялық түзетудің ерекшелігі, логопедиялық жұмыстың нәтижелері, мазмұны, міндеттері туралы педагогикалық кеңесте, ата-аналар жиналысында баяндамалар жасау;

е) аудан, қалалардың логопед-мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің жұмысына қатысу;

ж) педагогикалық қызметкерлер үшін белгіленген тәртіпте аттестациядан өту, өзінің кәсіби біліктілігін арттыру;

з) логопедиялық пункттердің құжатнасмасын жүргізу, білім беру ұйымының басшысына логопедиялық пункттің жұмысы туралы жыл сайынғы есебін жасап ұсыну;

21 Білім берудің мектепке дейінгі ұйымдарындағы және мектептердегі логопедиялық пунктінің логопеді келесі құжатнамаларды жүргізеді:

а) сөйлеу бұзылыстары бар балаларды есепке алу журналы;

б) сөйлеу картасы;

в) логопедиялық сабақтарға қатысуды есепке алу журналы;

г) оқу жылына арналған жылдық жоспар;

- д) жыл бойы оқу жылында жасалған жұмыстар туралы есептердің көшірмесі;
- е) әрбір топ оқушысымен жұмыс жасаудың алдағы бір жылға арналған жоспары;
- ж) әрбір топқа арналған сабақ жоспары;
- з) ұйым басшысымен бектіліген топтар мен шағын топтардың сабақ кестесі;
- и) логопедиялық кабинеттің жеке құжаты;

Сөйлеу бұзылыстары бар бар балаларды есепке алу журналы

(Оқушыларды тексергеннен кейін логопед-мұғаліммен толтырылады)

№ п/п	Баланың аты-жөні, тегі, туған күні	Топ Сынып	Тексеру мерзімі	Ана тілі бойынша оқу үлгерімі (мектеп оқушыларына арналған)	Логопедиялық қорытынды	Ескерту

СӨЙЛЕУ КАРТАСЫ

I Жалпы мәліметтер

- 1 Аты, жөні, тегі, жасы, бала-бақшаның, мектептің, топтың, сыныптың нөмірі.
- 2 Үйінің мекен-жайы, байланыс телефондары.
- 3 Логопункте тіркелген күні.
- 4 Жазу және оқу бойынша оқу үлгерімі (мектеп оқушыларына арналған).
- 5 Мұғалімдер мен ата-аналардың шағымы (заңды өкілдер).
- 6 Логопедиялық көмек алғандығы туралы анықтама

II Психофизикалық және сөйлеу дамуының ерекшелігі

- 1 Баланың ерте және мектепке дейінгі жастағы аурулары, баланың дәрігерлерде есепте тұрғандығы туралы анықтама: невропатолог, отоларинголог, офтальмолог және т.б.
- 2 Ерте даму: моторлық: басын тік ұстау, отыру, жүру; таным және байланыс жасау.
- 3 Есту, көру жағдайы, қозғалыс аумағы
- 4 Танымдық жағдайы
- 5 Сөйлеуді дамыту:
 - Уілдеу, былдырлау
 - Алғашқы сөздер
 - Фразалық тіркестерді пайдалану

III Ауызша сөйлеудің сипаттамасы

- 1 *Артикуляциялық аппараттың құрылымы мен қозғалысы*
- 2 *Сөйлеудің ырғағы мен баяулығы*
- 3 *Дауыс*
- 4 *Дыбысты айту.* Айтудың бұзылуы: дыбыстардың түсіп қалуы, бұрмалануы, ауысуы, араласып кетуі
- 5 *Буындық құрылым.* Буындық құрылымы қарапайым және күрделі сөздер мен сөз тіркестерін айта алу (таза айту). Буындық құрылымның бұзылуы: қысқарту, пайдалану, қосу, буындарға бөлу.
- 6 *Фонематикалық қабылдау* (дыбыстарды есту арқылы ажырату):
 - Буын жолдарын қайталау (аза, аса, ада – 3 жастан бастап; са-ша -4, са-за-ца – 5 жастан бастап)
 - Әртүрлі пароним-сөздер (3 жастан бастап суреттер бойынша)
 - Егер дыбыс естілсе қол көтеру (4-5 жастан бастап)
 - Берілген дыбыстар бойынша суреттерді таңдау (5-6 бастап)
- 7 *Фонематикалық талдау және синтез*
 - Алғашқы дауысты дыбысты бөліп айту (4 жастан бастап)
 - Бірінші, соңғы, дауысты, дауыссыз дыбыстарды бөліп айту - 5 жас

• МАК, РУКА сөздеріндегі дыбыстардың реттілігін бөліп көрсету 5-6 жастан бастап

- Сөздегі дыбыстарды біріктіру: Д.О.М 6 жастан бастап

8 Сөйлеуді түсіну

• Пәндік сөздерді түсіну (пассивті сөздік қор): күнделікті және сиек қолданылатын сөздердің мәні (жираф, нос, жаға, терезенің алды).

• Етістіктердің мәнін түсіну («қайда ұйықтайды, қайда тамақ ішеді....қайда кеседі, қайда тартанын, қай жерді тазалауды көрсет)

- Сын есімдердің мәнін түсіну
- Жекеше және көпше түрді, зат есімдерді, етістіктерді, сын есімдерді

ажырату.

• Жанама септіктердің сұрақтарын түсіну (неде отыр? Немен сурет салып отыр?)

- Көмекші сөздердің мәнін түсіну

Мектеп оқушыларына арналған

• Сөйлемдерді түсіну. Сөйлемдерді өзгерту: Ешкі қызға жем әкелді, Бала қашып кетті және шынымен допты сындырды. Күн жермен жарықтанды.

• Логикалық-грамматикалық құрастыруларды түсіну: Петяны Коля соқты. Кім төбелескіш? Тая Оляның артынан жүгіріп бара жатыр. Кім алдында кетіп бара жатыр?

- Мәтінді түсіну. Сұрақтарға жауап беру. Мәтінді айтып беру.

9 Сөздік қор (белсенді сөздік қор). Көлемі: күнделікті тұрмыста, кең

ауқымды. Сөздіктің сипаттамасы: пәнідер, әрекеттер, белгілер (мектеп оқушыларына арналған антонимдерді, синонимдерді, анықтамаларды іріктеп алу). Лексикалық орын ауыстырулар.

10 *Грамматикалық қатар.* Зат есімдердің сын есімдермен, сан есімдермен (мектеп оқушыларына арналған) род, саны және септеу жағынан сәйкес келуінде аграмматизмнің болуы (өткен шак), септеулік басымдылық. Суффиксті және префиксті сөз тіркесі.

11 *Фразалық және байланыстырушы сөйлемдер* (әңгімелеу, суреттер бойынша әңгімелер құрастыру, мәтінді айтып беру). Фраза – қарапайым, кең таралмаған, таралған. Әңгімелесе алу. Өз алдына бөлек өзара байланысты әңгімелердің болуы.

12 Хат

• Жазба жұмыстарының үлгілері: сыныптық жазба жұмыстары, бақылау диктанты.

- Хатты зерттеу: диктант, суреттер бойынша сөйлемдер құру.
- Хаттағы қателерді табу.

13 Оқу

• Оқу дағдыларына ие болу: әріптік, буындық үзіктер, буындық бірқалыпты түрде сөзге өту, бүтін сөздерге өту.

- Оқу жылдамдығы: минутына оқылған сөздер саны

• Оқыған сөздерді түсіну: толық, толық емес: ұсақ детальдарды қажетті деңгейде түсінбеу, жалпы мазмұнды қажетті деңгейде түсінбеу, толық түсінбеу.

- Оқу кезіндегі қателіктерге талдау жасау.

14 *Тұтығуды анықтау: формасы, тырысқан жерлерді жазу көріну деңгейлері*

15 *Психологиялық-педагогикалық сипаттама:* зер салудың тұрақтылығы, еңбекқабілеттілігі, мінез-құлық және қарым-қатынас жасау жадысы,

қызметті ерікті реттеу, сөйлеу бұзылыстарына деген қатынас (мәселелердің болу кезінде көрсетіледі).

16 Сөйлеу қорытындысы

17 Логопедиялық жұмыстың нәтижелері

Ауызша және жазбаша сөйлеудің жағдайын бағалау:

Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін – қыркүйек/қаңтар/мамыр;

Мектеп оқушыларында үшін – жыл сайын және әр тоқсан сайын .

Логопедиялық кабинетті материалдық-техникалық жабдықтары

- 1 Логопедиялық сабақтарға арналған қабырға айнасы – 1 дана.
- 2 Жекелей жұмыстарға арналған айна - (9x12) - 8 дана.
- 3 Логопедиялық шолғылар, қалақшалар
- 4 Медициналық спирт
- 5 Қолжуғыш
- 6 Сынып тақтасы
- 7 Көмекші құралдарға арналған шкаф
- 8 Канцеляриялық стол - 1 дана.
- 9 Орындықтар - 3 дана.
- 10 Парта, орындықтар жиынтығы - 8 дана.
- 11 Кеспелі қабырға әліпбиі - 1 дана.
- 12 Әріптер кассасы - 10 дана.
- 13 Логопедиялық тексеруге арналған альбом – 1 дана.
- 14 Лексикалық тақырыптар бойынша пәндік, сюжеттік картиналар, картиналар топтамасы
- 15 Сөйлеуді түзету және дамыту бойынша дидактикалық материал
- 16 Психикалық процесстерді дамытуға арналған ойындар мен ынталандырушы материалдар: зейін, жады, ойлау.
- 17 Логопедиялық сабақтарға арналған аппарат «Дельфа» - 1 дана.
- 18 Дыбыс шығаратын, шуылдайтын, музыкалық құралдар мен ойыншықтар.
- 19 Мектепке дейінгі және мектепке білім берудің оқу бағдарламалары, сөйлеу бұзылысы бар балаларға арналған арнайы бағдарламалар, сөйлеу бұзылыстарын түзету бойынша оқу-әдістемелік әдебиет.
- 20 Қосымша мектепке дейінгі логопунктерге арналған:
дидактикалық ойыншықтар: іріктеуіштер, матрешкалар, пирамидалар, геометриялық ойықтары бар қорапшалар, баулықтар және т.б.;
ойыншықтар: қуыршақтар (отбасы), аю, қоян, ат, мысық, ит, машиналар, доптар, (соның ішінде сенсорлық), қуыршақ ыдыстар, жиһаздар, жеміс-жидектердің муляждары, сабын көпіршіктері және т.б.

Оқу жылына арналған логопедтің жылдық жоспары

№	Іс-шараның атауы	Өткізу мерзімі
<i>I Балаларды тексеру бойынша жұмыстар және сөйлеу бұзылыстарын түзету</i>		
1	Сөйлеу бұзылыстары бар балаларды анықтау мақсатында бала-бақшалар мен мектептердің контингентінің сөйлеу жағдайын тексеру: - сыныптар, топтардағы жедел тексерулер - жекелей, тереңдетілген тексерулер	1-15 қыркүйек 15 және 30 мамыр аралығы
2	Логопункке тіркелген балалардың тізімін құру, топтарды жиынтықтау, логопедиялық сабақтардың күн тәртібін құру, құжаттарды рәсімдеу	қыркүйек
3	Логопедиялық сабақтар өткізу	қыркүйек-мамыр
4	Логопедиялық жұмыстардың нәтижесін бағалау. Есептерді құру.	Қаңтар, мамыр, (мектепке дейінгі ЛП) Әрбір тоқсан (мектептегі ЛП)
<i>II Тәрбиешілер/мұғалімдермен жұмыс жасау</i>		
1	Логопункке тіркелген тәрбиешілер/мұғалімдердің тізімімен және сабақ өткізу кестесімен танысу.	Қыркүйек
2	Оқытуда жекелей тәсілді қамтамасыздандыру мақсатында сөйлеу бұзылыстары бар балалар бойынша тәрбиешілер/мұғалімдерге арналған кеңестер өткізу	Жыл ағымында
3	Тәрбиешілер/мұғалімдерді қойылған дыбыстарды автоматтандыруға тарту.	Дыбыстарды автоматтау деңгейінде
4	Топтардағы тәрбие сабақтарына қатысу. Сыныптардағы ана тілі мен әдебиет сабақтарына қатысу.	Қараша, наурыз Тоқсанда бір рет
5	Тәрбиешілер/мұғалімдерге арналған ашық қорытынды сабақтар өткізу.	мамыр
<i>III Ата-аналармен жұмыс</i>		
1	Үй жағдайында сөйлеуді дамыту және олардың алдын-алу мәселелері бойынша ата-аналарға кеңес беру (үй тапсырмалары).	қазан-мамыр қажетінше
2.	Ата-аналар жиналысын өткізу.	қыркүйек-мамыр
3	Ата-аналарға арналған ашық қорытынды сабақтар өткізу	мамыр

<i>IV Біліктілікті арттыру</i>		
1	Арнайы әдістемелік әдебиеттер, сөйлеу бұзылыстарын түзету бойынша жаңа әдістерді зерделеу.	қыркүйек-мамыр
2	Сөйлеу бұзылысы бар балаларға арналған өзге арнайы білім беру ұйымдары, логопедиялық пунктердегі ашық логопедиялық сабақтарға қатысу.	Қазан, қаңтар, наурыз
3	Балалардағы сөйлеу бұзылыстарын түзету мәселелері бойынша тренингерде, біліктілікті арттыру курстарында, семинарларда білім алу.	Жыл ағымында
<i>V Кабинетті рәсімдеу жұмыстары</i>		
1	Сабақтарды өткізуге арналған таратпалы дидактикалық материал, көрнекі құралдарды дайындау.	қыркүйек-мамыр
2	Логопедиялық сабақтардың мазмұны бойынша стендтерді рәсімдеу	

Жыл ағымында мектепке дейінгі жастағы балаларға логопедиялық көмек көрсету туралы есеп

Выбыло	Сөйлеу бұзылыстарына ие балалар саны				Ескерту
	ЖСБ	ФФБ	Айту бұзылысы	Тұтығу	
Анықталды					
жіберілді:					
Дұрыс сөйлеумен					
Айтарлықтай жақсарумен					
Айтарлықсыз жақсарумен					
Айтарлықсыз жақсарумен					
Сабақтарды жалғасытру үшін қалдырылды					
Шығып кеткендер					
Мыналарға бағыттауға ұсынылғандар:					
Жалпы білім беретін мектептерге					
Сөйлеу мектептеріне					
Көмекші мектептерге					
Бала-бақшаларға, мектеп алды дайындықтарына (логопедиялық көмексіз)					

1 жыл оқыған оқушыларға логопедиялық көмек көрсету туралы есеп

Оқушылар	Сыныпт	Ауызша және жазбаша сөйлеу бұзылыстарына ие оқушылардың саны			
		ЖСБ негізделген оқу мен жазба бұзылыстары және ЖСД	ФФБ негізделген сөйлеу және жазба бұзылыстары және ФФБ	Айтылудың бұзылуы	Тұтығу
Анықталды					

Түскендер					
Жіберілгендер					
Сабакты жалғастыру үшін қалдырылғандар					
Шығып кеткендер					

Қосымша 6

«Жазу мен сауаттылықтың негізі» бойынша ФФБ және ЖСБ тобындағы балалармен жұмыс жасаудың жобалық болашақ (тақырыптық) жоспары (5-6 жас)

Дауысты және дауыссыз дыбыстар:

- Сөздердегі дауысты және соңғы дауыссыз дыбыстарды интонациялық тұрғыдан бөліп алып, бекіту, мына сөздер сияқты: Утка, Окна, мука, шары;
- маК, доМ сияқты сөздердегі соңғы дауыссыз дыбыстарды бөліп көрсету;
- «дауысты-дауыссыз дыбыстар» түсініктерін ажырату;
- Сөздегі дыбыстардың реттілігін анықтау;
- Үшдыбыстық сөзге дыбыстық талдау жасау, мысалы «дым» сөзі;
- «муха» сөзі сияқты төрт дыбыстық сөзге дыбыстық талдау жасау;
- Екпін туралы түсінік.

Әріптер, оларды жазу ережелері:

- А әрпі («дыбыс пен әріп» түсініктерінің дифференциациясы). Звуко-буквенный анализ слова «мак» сөзінің дыбыстық-әріптік талдауы;
- Я әрпі («дыбыс және әріп» түсініктерінің дифференциациясы). «Аня» сияқты сөзге дыбыстық-әріптік талдау. Есімдердегі бас әріптердің жазылу ережелерімен танысу;
- О әрпі. «Мост» сияқты сөзге дыбыстық-әріптік талдау жасау;
- Ё әрпі. Сөзге дыбыстық-әріптік талдау жасау (мысалы, «пёс»);
- «Сөйлем» түсінігі. Сөйлемді жазу ережесі, сөйлемнің кестесімен танысу;
- М әрпі. «мама-мята» сияқты сөздерге дыбыстық-әріптік талдау жасау. Алдыңғы дауыссыз дыбыстардың дауысты дыбыстармен келгендегі жұмсақтығы (я,ё), дауысты дыбысты оқу кезіндегі бағытталу;
- У әрпі. Сөздің дыбыстық-әріптік талдауы, мысалы, «мука». Сөздерді буындарға бөлу;
- Ю әрпі. Сөздің дыбыстық-әріптік талдауы (мысалы, «утюги»);
- Н әрпі. Звуко-буквенный анализ слов, типа: «няня - Нана» сияқты сөздердің дыбыстық-әріптік талдауы;
- Ы әрпі. Звуко-буквенный анализ слова, типа: «дыня» сияқты сөзге дыбыстық-әріптік талдау;
- И әрпі. «гуси» сияқты сөзге дыбыстық-әріптік талдауы ;
- С әрпі. Сөздің дыбыстық-әріптік талдауы (мысалы, «нос»). Словоизменение «нос-нёс-нас» сөздерінің өзгеруі;
- З әрпі. «зонт-зима» сияқты сөздерге дыбыстық-әріптік талдау жасау;
- Э әрпі. «Эдик» сияқты сөзге дыбыстық-әріптік талдау жасау (есімдедегі үлкен әріптер). (1 сағат);
- Е әрпі. Өтілген әріптермен буындар мен сөздерді оқу. (1 сағат);

- П әрпі. «палка - пила» сияқты сөзге дыбыстық-әріптік талдау жасау. Берілген сөздермен сөйлемдер құрау;
- Б әрпі. Сөздердің дыбыстық-әріптік талдауы (мысалы, «бант-бинт»). Графикалық мәндердің негізінде сөздердің дыбыстық формаларын жасау;
- В әрпі. «вол-вал-выл-вял-вёл» сөздеріндегі дауысты дыбыстарды ауыстыру арқылы сөздерді өзгерту;
- Ф әрпі. «кофта-финик» сияқты сөздердің дыбыстық-әріптік талдауы.;
- К әрпі. Сөздердің дыбыстық-әріптік талдауы (мысалы, «кот-кино»);
 - Буква Г. «Гоша-Гена» сияқты сөздердің дыбыстық-әріптік талдауы (Есімдердегі үлкен әріптер);
 - Р әрпі.
 - «Рома-Рита» сияқты сөздердің дыбыстық-әріптік талдауы. Звуко-буквенный анализ слова «ракета» сөзінің дыбыстық-әріптік талдауы («У Ромы ракета»);
 - Т әрпі. Сөздердің дыбыстық-әріптік талдауы (мысалы, «утка-тюбик»);
 - Д әрпі. «дыра-дети» сияқты сөздердің дыбыстық-әріптік талдауы.
 - Ш әрпі. «Машина» сияқты сөздің дыбыстық-әріптік талдауы. Дұрыс жазылуы «ШИ»;
 - Ж әрпі. Сөздердің дыбыстық-әріптік талдауы (мысалы, «живот»). Буындар мен сөздердің оқылуы. Дұрыс жазылуы «ЖИ»;
 - Ч әрпі. «Чашка» сияқты сөздің дыбыстық-әріптік талдауы. Дұрыс жазылуы «ЧА». «чулок» сияқты сөздің дыбыстық-әріптік талдауы. Дұрыс жазылуы «ЧУ». Выкладывание и чтение слов «чаша», «учу» сөздерін қою және оқу;
 - Щ әрпі. «Щука» сияқты сөздің дыбыстық-әріптік талдауы. Дұрыс жазылуы «ЩУ». «роща» сияқты сөздің дыбыстық-әріптік талдауы. Дұрыс жазылуы «ЩА». «ща-щу» буынды сөздерді қою және оқу (ищу, ташу);
 - Х әрпі. Сөздердің дыбыстық-әріптік талдауы (мысалы, «халат-хижина»);
 - Л әрпі. Сөздердің дыбыстық-әріптік талдауы (мысалы, «луна-лимон»);
 - Ц әрпі. Сөздің дыбыстық-әріптік және буындық талдауы (мысалы, «цыплята»);
 - Сөздердің берілуі және оқылуы, өтілген әріптермен сөздер мен сөйлемдер құрау;
 - Й әрпі. «майка» сөзінің дыбыстық-әріптік және буындық талдауы. Бірінші дауыссыз дыбыстарды ауыстыру арқылы сөздерді өзгерту (майка-зайка-чайка).

Алынған дағдыларды бекіту:

- сөйлемдердің сызбасын ойлап шығару және қою. Сөйлем соңындағы тыныс белгілер;
- буындап оқу дағдысын бекіту;
- таңдау бойынша сөйлемдерді оқу және талдау;
- кесте бойынша сөйлемдерді тарату;
- буындап оқу дағдысын бекіту.

Қолды жазуға дайындау:

- таныс заттар, жануарлар және т.б. өтілген әріптер, геометриялық фигуралардың шаблондарын (лекала) контур бойынша айналдырып сызу;
- қарапайым заттар мен геометриялық заттардың (алма, доп, алмұрт, және т.б.) суреттерін салуды бір бағытта үзік сызықпен белгілеу;
- әртүрлі бағыттағы тік сызықты геометриялық фигуралар, жеке заттарды үзік сызықтармен белгілеуді жүзеге асыру;

- үзік сызықтармен заттарды, жолдарды белгілеп шығу;
- заттың тұтастай суретін алу мақсатында заттың жартысын салу;
- ірі торшалы дәптермен танысу;
- торшаларды көре алу, әрбір торға нүктелер қою, белгілі бір өрнек сала отырып, торларды санау;
- жолды сақтай отырып, екі торда (тік және көлденең) тік сызықтар жүргізу;
- элементтерді алмастыра отырып, жолдағы өрнектерді өшіру; (мысалы, «точка - палочка»);
- әріптердің жетіспей тұрған элементтерін толықтырып салу.

«Айту» бөлімі бойынша ЖСБ мен ФФБ тобы жұмысының болашақтағы жобалық (тақырыптық) жоспары (5 – 6 жас)

Дайындық деңгейі:

- Қарапайым дыбыстарды айтды анықтау: [а, у, о, э, и, м, м', н, н', ф, ф', в, в', б, б'];
- Түсіп қалған немесе айтқан кезде бұрмаланатын дыбыстарды айту, түзету және бекіту: [к, к', г, г', х, х', л', й, с, с', з, з', л] және т.б.;
- Қызметтің фронталды және шағын топтық (топтық) түрлеріндегі дыбыстарды бекіту ретін анықтау.

Фонетика-фонематикалық түсініктерді қалыптастыру:

- Фонематикалық естуді дамыту: сөйлеудегі-сөйлемейтін кездегі, дауысты-дауыссыз, ұяң-қатаң, қатты-жұмсақ дыбыстарды ажырата алу;
- Дыбыстық талдау мен синтезді дамыту;
- Қалыптасу орны мен ерекшеленетін тәсілдер арқылы дыбыстарды ажырату дағдыларын қалыптастыру.

Сөйлеудің айтылу жағын жетілдіру:

- [а, у, п, т, к] сияқты бұзылмаған дыбыстарды айтуды бекіту: буындық құрылым игеру мен фонематикалық қабылдауды дамыту үшін тірек ретінде қолданылатын дыбыстар;
- Қажетті және түзетілген дыбыстарды өңдеу;
- Қатаң-ұяң, қатты-жұмсақтығы бойына сыңар болып табылатын дыбыстарды бекіту;
- Оппозициялық дыбыстарды дифференциациялау;
- Лексикалық материалды зерделенетін дыбыстармен толықтыру;

Дыбыстық талдауға оқыту:

- Дыбыстық талдаудың қарапайым формаларына оқыту;
- Сөз құрамынан басында тұрған дауысты дыбысты бөліп көрсету («утка»);
- Екі-үш-төрт дауысты дыбыстардан тұратын дыбыстық қатарларға талдау жасау;
- «ап» сияқты кері буынды талдау және оның синтезі;
- «кот» сияқты сөзіндегі соңғы дауыссыз дыбысты көрсете алу; первый «мак» сияқты сөздегі алғашқы дауыссыз дыбыс;
- «са, па» сияқты тік буындарды талдау және оның синтезі;
- «санки, песок, нос» сөздеріндегі әртүрлі позициядағы дыбыстарды анықтау;
- «мак» сияқты сөздегі үш дыбысты сөзге толық талдау жасау.

Дыбыстардың айтылуын бекіту реттілігі: [а, у, и, п, п', э, т, т', к, к', м, м', л', о, х,

х', й, ы, ы –и, с, с', з, з', с –з, л, л –ль]. Әрбір дыбысқа 2 арнайы түзету оқу қызметі бөлінеді. Дыбыстардағы ерекшелік [с] – 5 дейін. [с] – до 5-ти. Дауыстың болуы немесе болмауы, дыбыстың қаттылығы мен жұмсақтығы бойынша дыбыстарды әртараптандыру – 2-ден аз емес. Логопед-мұғалім топтағы балалардың мүмкіндігіне байланысты сағат саны мен дыбыстарды өту реттілігін өзгерте алады.

«Айту» бөлімі бойынша ЖСБ мен ФФБ тобы жұмысының болашақтағы жобалық (тақырыптық) жоспары (5 – 6 жас)

Фонетикалық-фонематикалық түсініктерді қалыптастыру:

- Белгілері бойынша дыбыстарды әртараптандыра алу: дауысты-дауыссыз, қатаң-ұяң, қатты-жұмсақ, сыбыс дыбыстар-ызың дыбыстар және т.б. дыбыстар.;
- осуществление более тонкой дифференциации звуков типа: [т –т' –ч], [ц –с –т] және т.б. дыбыстардың анағұрлым жіңішке түрдегі әртараптандуын жүзеге асыру.;
- Әртүрлі позицияда қойылған дыбысты сөздерді іріктеу; басында, ортасында, соңында.

Сөйлеудің айтылу жағын жетілдіру:

- Буындардағы, сөздердегі, сөйлемдердегі, мәтіндердегі дұрыс айтуды бекіту;
